

**Михайлова Татьяна Владимировнаның  
«Мәдениетаралық кәсіптік-коммуникативтік құзыреттілікті  
қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына**

**АҢДАТПА**

Соңғы үш онжылдықта байқалып отырған жаһандық интеграциялық үдерістерге байланысты халықаралық байланыстардың нығаюдың нәтижесінде шетел тілін оқытуға деген сұраныс ұлғая түсті.

Жұмыс берушілердің кез келген бейіндегі мамандарды кәсіби даярлауға қойылатын талаптар деңгейінің серпіні және халықаралық сапа стандарттарына бағдарлануы Қазақстан Республикасындағы жоғары шетелтілдік кәсіптік білім берудің мазмұны мен құрылымын реформалауды қажет етті.

Қазақстан Республикасында мектептегі білім беруді реформалаудың маңызды қадамы көптілді (үштілді) оқытуға кезең-кезеңмен көшу болды, және оның шеңберінде қазақ және орыс тілдерімен қатар ағылшын тілі де мақсатты тілдердің бірі болып белгіленді. Мәселен, 2019-2020 оқу жылынан бастап жоғары сынып оқушылары жаратылыстану-ғылыми бағыттағы бірқатар пәндерді ағылшын тілінде оқи бастады, осыған байланысты бірінші кезектегі міндеттердің қатарына осы үдерісті іске асыруды қамтамасыз ететін педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау кіреді. Осылайша, мемлекет алдында шеттілдік кәсіптік білім беруді дамытудың ұлттық стратегияларын іздестіру міндеті тұр.

Шет тілдерін оқытудың эволюциялық өзгертін нысандары мен мақсаттарының қатарында лингво-когнитивтік, кәсіби-дискурстық, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік, мәдениаралық кәсіби сөйлеу мінез-құлқын қамтамасыз ететін мәдениаралық кәсіби-коммуникативті құзыреттіліктің «үстемдігі» екендігі анық.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, шет тіліндегі жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде Қазақстан Республикасында көптілді (үштілді) білім беру мәнмәтінінде педагогикалық қызметті тиімді жүзеге асыруға ғана емес, сондай-ақ мәдениетаралық кәсіптік өзара іс-әрекеттесу жағдайында кәсіби тұрғыдан дамуға дайын жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтары бойынша білім алатын студенттердің мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу қажеттігі туып отыр.

**Зерттеудің өзектілігі.**

Жаратылыстану-ғылыми педагогикалық бағыт бойынша білім алған түлектердің бойында МККҚ қалыптастыру мәселелері толық шешілген жоқ және бұл мәселені әдістемелік тұрғыдан қайта қарастыруды қажет етеді. Осылайша, студенттердің мәдениаралық кәсіби және коммуникативтік құзыреттілігінің құрамы нақтыланбаған, қажетті құзыреттілікті қалыптастырудың оқыту технологиялары анықталмаған.

Аталмыш зерттеудің өзектілігі жоғары шетелдік кәсіптік білім беру

жүйесінде тек ағылшын тілінде мамандандырылған пәндерді оқытуға ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық кәсіби бағытталған қарым-қатынас субъектісі ретінде әрекет етуге дайын осы бағыттағы түлектердің мәдениетаралық кәсіби және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделін жасау қажеттілігімен анықталды.

**Зерттеудің мақсаты** жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтар түлектерінің («когнитивті-лингвомәдениеттанымдық әдіснамасы және мәдениетаралық қарым-қатынас теориясы» негізінде) мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделін ғылыми-теориялық негіздеу және шеттілдік кәсіптік білім беру үдерісінде әзірленген модельдің тиімділігін эксперимент арқылы тексеру болып табылады.

Зерттеудің мақсатына сәйкес **зерттеудің келесі міндеттері құрастырылды:**

1) С. С. Құнанбаеваның шеттілдік білім берудің когнитивті-лингвомәдениеттанымдық әдіснамасы негізінде жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтар түлектерінің мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау;

2) жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтар түлектерінің мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік моделін әзірлеу;

3) жаттығулар жүйесі мен тапсырмалар кешенін қамтитын мәдениетаралық кәсіптік-лингвокогнитивті модульдер (МКЛМ) түрінде білім алушылардың МККҚ-ін қалыптастырудың пәндік мазмұнын әзірлеу және енгізу;

4) «Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтарының 3 курс студенттерімен өткізілген «English for Intercultural and Professional Communication» курсы аясында білім алушылардың мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін әзірленген моделін тексеру және негіздеу мақсатында эксперименттік-тәжірибелік оқыту жүргізу.

Қойылған мақсатқа қол жеткізіп, зерттеу міндеттерін шешу үшін келесі **болжамдар** құрастырылды: жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтарының түлектерінің мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру тиімді жүзеге асырылады, **егер:**

- мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың іске асырылатын әдістемелік моделі құзыреттілікке, біріктірілген пәнаралық, мәдениетаралық тәсілдерге және бірыңғай әдіснамаға, бұл жағдайда шеттілдік білім берудің когнитивті-лингвомәдениеттанымдық әдіснамасына және мәдениетаралық қарым-қатынас теориясына негізделетін болады;
- *мәдениетаралық кәсіптік-лингвокогнитивтік модульдер* (МКЛМ) түрінде арнайы пәндік мазмұн әзірленетін болады;
- білім алушылардың МККҚ қалыптастыру үдерісінде қазіргі заманғы педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

пайдаланылатын болады, олардың ішінде кейс-стади (жағдаяттық талдау технологиялары), мәнмәтіндік оқыту технологиялары, жобалық технологиялар, ойынды модельдеу, белсенді имитациялық әдістер, имитациялық-модельдеу технологиялары, ассоциограммалар (mind mapping), сыни ойлауды дамыту технологиялары, сондай-ақ офлайн және онлайн оқыту саласындағы жаңа жетістіктер болады;

- кәсіби бағдарланған және мәдениетаралық-бағытталған сипаттағы, сондай-ақ жекелеген білім беру бағдарламаларының ерекшелігін ескеретін жаттығулар жүйесі мен тапсырмалар кешені енгізілетін болады, онда құзыреттілік, біріктірілген пәнаралық және мәдениетаралық тәсілдер іске асырылатындықтан, түлектердің МККҚ мақсатты қалыптастыру қамтамасыз етіледі.

Диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттер зерттеудің келесі **әдіс-тәсілдерін** қолдануды қажет етті:

1. *теориялық*: шет тілінде білім беру теориясы мен әдістемесі саласындағы ғылыми, әдістемелік, оқу-әдістемелік әдебиеттерді теориялық талдау; тілдік пәндер бойынша нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттарды, жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтар студенттеріне арналған шет тілі оқулықтары мен оқу құралдарын талдау;

2. *эмпирикалық*: сауалнама әдісі, тестілеу әдісі, модельдеу және педагогикалық жобалау әдісі; студенттерді эксперименттік-тәжірибелік оқытуды қамтитын педагогикалық эксперимент; оқу үдерісін бақылау және талдау;

3. *статистикалық*: математикалық статистика әдісімен алынған материалдар мен нәтижелерді сандық және сапалық өңдеу.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы.**

1. жаратылыстану-ғылыми педагогикалық бағыттағы түлектерге қатысты шеттілдік кәсіптік білім берудің мақсатты-нәтижелі әдістемелік категориясы ретінде **мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілік** ұғымының компоненттік құрамы мен критериялды-белгілік аспектілері жасалды;

2. мәдениетаралық кәсіби-бағытталған қарым-қатынас субъектілері ретінде білім алушылардың мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық және процессуалдық әдістемелік моделі анықталды;

3. **мәдениетаралық кәсіптік-лингвокогнитивтік модульдер** арқылы білім алушыларды мәдениетаралық кәсіптік даярлаудың пәндік мазмұны әзірленді, оның шеңберінде мәдениетаралық кәсіптік-коммуникативтік қызметтің типтік жағдайларын модельдеу жүзеге асырылады.

**Зерттеудің теориялық маңызы.** ҚР көптілді білім беру бағдарламасын іске асыру мәнмәтінінде жаратылыстану-ғылыми бағыттағы бірқатар пәндерді ағылшын тілінде оқытуға қабілетті, сондай-ақ мәдениетаралық кәсіби өзара әрекеттесуге дайын жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтардың түлектерінің мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі одан әрі жалғасын тауып, әзірлемелер жасалды.

Жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтары бойынша білім

алатын студенттерінің мәдениаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін әзірленген модель шеттілдік жоғары кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесі туралы түсініктерді кеңейтеді.

### **Зерттеудің практикалық маңызы мен нәтижелері:**

МККҚ қалыптастыру үшін әзірленген және тәжірибеге енгізілген жаңа әдістемелік модель жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтарының түлектерін шеттілдік кәсіби даярлауын қамтамасыз етеді. Осы зерттеудің практикалық маңызын арнайы әзірленген жаттығулар жүйесі мен тапсырмалар кешені түрінде берілген МКЛҚМ әдістемелік тұрғыдан негізделген пәндік мазмұнын күшейтеді.

Зерттеудің практикалық маңызы ретінде диссертациялық жұмыста төмендегідей материалдар ұсынылды:

1) «English for Intercultural and Professional Communication» элективті курсының оқу жұмыс бағдарламасы (syllabus) жаратылыстану-ғылыми педагогикалық бағытының түлектері үшін әзірленген МККҚ қалыптастырудың әдістемелік моделі негізінде құрастырылды;

2) «Ш.Уәлиханов атындағы КУ» КЕАҚ оқу үдерісіне енгізілген «English for Intercultural and Professional Communication» элективті курсы;

3) ағылшын тілі оқытушылары мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «English for Intercultural and Professional Communication» оқу құралы.

**Зерттеу кезеңдері:** Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін іске асыру, ұсынған болжамды және қорғауға ұсынған тұжырымдарды тексеру үш кезең аралығында жүзеге асырылды.

**Зерттеудің бірінші кезеңінде** (2017 ж. қыркүйек – 2018 ж. тамыз) зерттеу бағыты бойынша шетелдік және отандық авторлардың ғылыми-әдістемелік әдебиеттеріне теориялық талдау жасалды. Осы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің қажеттілігі мен зерттеудің өзектілігі негізделді; зерттеу нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттерін айқындалды. Зерттеудің ғылыми аппараты нақтыланды және зерттеудің жалпы тұжырымдамасы қалыптасып, зерттеу құрылымы анықталды.

**Екінші кезеңде** (2018 ж. қыркүйек - 2019 ж. желтоқсан) жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтар бойынша оқитын студенттерінің МККҚ-нің қалыптасу деңгейін анықтау үшін материалдар әзірленді; мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік моделі жасалды; оның қалыптасу көрсеткіштері ұсынылды; білім алушыларды мәдениетаралық кәсіптік даярлаудың пәнаралық мазмұны мәдениетаралық кәсіптік-лингвокогнитивтік модульдер (МКЛҚМ) түрінде ұсынылды, сондай-ақ жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтар студенттерінің мәдениетаралық кәсіптік-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған және қажетті құзыреттілікті қалыптастырудың әзірленген әдістемелік моделін тиімді іске асыруды қамтамасыз ететін жаттығулар жүйесі мен тапсырмалар кешені әзірленді;

**Үшінші кезеңде** (2019 ж. желтоқсан — 2020 ж. маусым) жаратылыстану ғылымдары факультетінің 3 курс студенттері арасында құзыреттілікке

негізделген, біріктірілген пәнаралық, мәдениетаралық тәсілдерге, шеттілдік білім берудің және мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының когнитивті-лингвомәдени әдіснамаға негізделген, мәдениетаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемелік моделін апробациялауға бағытталған «English for Intercultural and Professional Communication» пәні аясында эксперименталды-тәжірибелік оқыту өткізілді; эксперименттік зерттеудің қорытындылары даярланып, қорытындылар мен ұсыныстар жасалды.

**Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:**

**Бірінші тұжырым.** Жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтары түлектерінің мәдениаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігі шет тіліндегі кәсіптік білім берудің мақсатты әдістемелік категориясы болып табылады, ол мәдениетаралық кәсіби бағытталған ортада тиімді іске асыруға дайындық ретінде сипатталады, оның құрылымында анықталған субқұзыреттердің бірлігі болып табылады (лингво-когнитивтік, кәсіби-дискурстық, ақпараттық-коммуникациялық), оның қалыптасуы анықталған уәждік-құндылық, когнитивтік-пәндік және функционалды-мінез-құлық көрсеткіштеріне сәйкес, шеттілдік кәсіптік білім беруде бастапқы, функционалды және ілгерлетінген кезеңдері сияқты бірнеше кезеңде жүзеге асырылады.

**Екінші тұжырым.** Жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтарының түлектерінің МККҚ қалыптастырудың әдістемелік моделі құрылым болып табылады және 5 блоктан тұрады: мақсатты, мазмұнды, процессуалды, нәтижелі және бағалау.

**Үшінші тұжырым.** Түлектердің МККҚ қалыптастырудың әдістемелік моделін жүзеге асырудың бірлігі мен ішкі динамикасы мәдениетаралық кәсіптік-лингвокогнитивтік модульдер (МКЛМ) түрінде арнайы әзірленген пәндік мазмұнға негізделеді, сондай-ақ жаттығулар жүйесінің және тапсырмалар кешенінің сәйкестілігі арқылы ұсынылады.

**Төртінші тұжырым.** Эксперименттік-тәжірибелік оқыту жаратылыстану-ғылыми педагогикалық мамандықтар түлектерінің мәдениаралық кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда әзірленген моделінің тиімділігін тексеруге және негіздеуге мүмкіндік берді.

**Зерттеудің негізгі тұжырымдарын апробациялау және нәтижелерін тәжірибеге енгізу.** Жұмыстың мазмұны 18 жарияланымда көрініс тапты; оның ішінде SCOPUS базасына кіретін ғылыми басылымдарда - 1, ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған басылымдарда - 5, РФ ЖАК және РИНЦ кіретін басылымдарда - 1, халықаралық ғылыми конференция материалдарында - 7, ҚР және жақын шетел ғылыми журналдарында, жинақтарында жарияланған ғылыми материалдарда — 4.

**Диссертация құрылымы мен көлемі.** Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.